

## **«Қазхром» ТҰК» АҚ филиалы – Ақтөбе ферроқорытпа зауыты бойынша хабарландыру**

«Табиғи монополиялар туралы» ҚР Заңының (бұдан әрі – Заң) 26 – бабының 2-тармағының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығымен бекітілген тарифтерді қалыптастыру қағидаларының (бұдан әрі-Қағида) 319-тармағына сәйкес «Қазхром» ТҰК» АҚ Ақтөбе қаласының тұтынушыларын және барлық мүдделі тұлғаларды Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің (бұдан әрі – Департамент) 2023 жылғы 24 қазандағы №131-НҚ, 132-НҚ бұйрықтарымен 2023 жылғы 1 қарашадан бастап келесі реттелетін қызметтерге тарифтер бекітілгені туралы хабардар етеді:

Ақтөбе ферроқорытпа зауытының бәсекелестік кірме жолы болмаған жағдайда жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолдарды ұсыну ҚҚС-сыз 1 вагон/км үшін 68,82 теңге мөлшерінде,

Ақтөбе ферроқорытпа зауытының электр энергиясын беру бойынша ҚҚС-сыз 1 квт/сағ үшін 1,09 теңге мөлшерінде.

Жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолдардың қызметтеріне тарифті бәсекелестік кірме жол болмаған жағдайда Заңның 20-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына және Қағидалардың 303-тармағына сәйкес Департамент өзгертті.

Электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерге тарифті Заңның 20-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына және Қағидалардың 303-тармағына сәйкес Департамент өзгертті.